

Д.Г. Шорманбаева, Г.Б. Альжанова, М.А. Сейдинова

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қазақстан  
(E-mail: kargtu.2015@mail.ru)*

## **Заманауи қазақстандық қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарын жетілдіру**

Мақалада заманауи қазақстандық қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарын жетілдіру қарастырылған. Өтпелі қазақстандық қоғамда батыс елдерінің тұрақты әлеуметтік жүйелерінен айырмашылығы, әлеуметтік-мәдени өзгерістердің қарқыны әлдеқайда жоғары, сондықтан қоғамға деген нақты бағытын сақтай отырып, дамудың жалпы тенденциясын жоғалтпау керек. Қазақстанның басты міндеті — жаңғырту моделін неғұрлым тиімді, үнемді және ұтымды қолдану, оны өзіндік дәстүрлер мен заманауи прогрессивті құндылық жүйелерін біріктіру арқылы ұлттық негізге көшіру. Ол үшін әлеуметтік мәдени ортаның жан-жаққа бағытталған процесін және барлық институттарды түгел қамти алатын әлеуметтік жаңғыртудың «ұлттық формуласын» жасауымыз керек. Авторлар әлеуметтік зерттеу жүргізді, зерттеу нәтижесі қазақстандық қоғамдағы жаңғырту процестерінің салдарынан құндылық басымдықтарының белгілі бір өзгерісі орын алатындығын көрсетті. Жүргізілген зерттеуге сәйкес жас қазақстандықтардың негізгі құндылықтарына ақпараттық қоғамның құндылықтары да кіреді, олар адамның бейімделу механизмінің талдау қажеттілігін тудырады. Жас қазақстандықтарда құндылықтар жүйесін қалыптасуы жеке таңдау негізінде жасалады және жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әсеріне бейімделеді. Авторлар қазақстандықтардың негізгі құндылықтары ең алдымен, қазақстандық қоғамның мәдениетіне тән адами қатынастың жылулығымен байланысты, яғни рухани-адамгершілік сипатта деген тұжырымға келді.

*Кілт сөздер:* қазақстандық қоғамды жетілдіру, құндылық бағдарлары, әлеуметтік зерттеу, сауалнама, дәстүрлі қоғам, ақпараттық қоғам.

Қоғамның жетілуі тек оның экономикалық және саяси институттарының жаңаруымен қабаттас қана емес, сонымен қатар терең әлеуметтік-мәдени өзгерістерімен қоса болатыны және оның негізгі бөлігі қоғам құндылықтарының өзгеруі болып табылатыны белгілі.

Жетілу үдерісі қоғамның аксиологиялық сипатын ғана өзгертпейді, сонымен қатар жеке бастың осы өзгерістерге бейімделу мәселесін тудырады. Ал бұл өз кезегінде оның дамуына себепкер бола тұра немесе кедергі бола тұра, социумның болашақ күйіне тікелей әсер етеді. Ч. Кули «құндылықтар әлеммен қатынаста «энергетикалық түйін», эмоционалдық үстеменің нүктесі, сондай-ақ адамдардың әлеуметтік мінез-құлқы уәждемесінің негізгі механизмі болып табылады» деп әділ атап айтқан [1; 165]. Бұл бір жағынан құндылық негізінде адамның өзіне және әлемге деген мақсатты бағытталған әрекеттері арқылы көрінетін белсенді қатынасының қалыптасуын, ал екінші жағынан нақ құндылықтар жеке тұлғаның өмірдегі маңызды жағдайлардағы өз мінез-құлқының әлеуметтік мақұлдауын жүзеге асыруына көмек жасай отырып, қоғамның бірлесуін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында жетілдіру үдерісі ширек ғасыр шегінде жалғасуда. Осы уақыт ішінде әлеуметтік және саяси жүйе түбегейлі өзгерді. Жоспарлы кеңес экономикасының орнына мемлекет қатал бақылауына алған бәсекелестігі мен жеке меншігі бар нарық экономикасы келді. Саяси жүйеде саяси плюрализм мен көппартиялық негіздегі демократиялық саяси тәртіп негіздері қалыптасты. Жетілдіру үдерісінің нәтижесінде қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерісі пайда болды, атап айтқанда — оның экономикалық және саяси сипатына сәйкес қоғамның әлеуметтік құндылықтарына әкелді.

Қазақстан қоғамын жетілдіру жағдайында рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеруін зерттеу көкейкестілігі бірқатар факторларға байланысты. Өткен ширек ғасырда Қазақстанда әлеуметтендіру үдерісінде жаңартылған қоғамның құндылықтарын сіңірген жаңа ұрпақ қалыптасты. Бірақ ұжымдық құндылықтары бар кеңес қоғамы кезінде әлеуметтенуі жүзеге асырылған адамдар тұрғындардың үлкен бөлігін құрайды, сонымен қатар жаңалар әлі қалыптаспаған, ал ескі құндылықтар жойылған көшу кезеңі болып табылады. Бұл бір жағынан кейінгі өзгеруші (өзгерген орнына) рухани-адамгершілік құндылықтардың бейімделу мәселесін, ал

екінші жағынан — әртүрлі жас топтарының қатынастарындағы өзара түсінушілік мәселесін тудырады. Бұдан басқа, Қазақстанның әлеуметтік ерекшелігін ескермеуге болмайды. Ол Қазақстанның полиэтникалық мемлекет болып табылатындығында.

Мемлекеттің полиэтникалық құрамын қазіргі әлемде таң қалдыру қиын. Бірақ қазақстанның бірегейлігі — елдің (шамамен 17 млн. адам) салыстырмалы шағын бөлігінде 140 этнос өкілдері тұрады, олардың әрқайсысының өзінің ерекше құнды бағыттары бар. Бұл жағдай қоғамды екі топқа бөлу арқылы күшейеді: этникалық қазақтар және басқа ұлыстар, ол ретімен өткізілетін мемлекет саясатының жалпыхалықтық жүйе құндылықтары негізінде біріктіруге қарамай, жалпыхалықтық және этникалық ұқсастық қатынасының проблемасын қалыптастырады. Сондай-ақ, жетілдіру жағдайында қазақстандық қоғам құндылықтарының өзгеру жүйесін зерделеу, олардың өзгерістері қандай дәрежеде жүретінін анықтауға септігін тигізіп қана қоймай, осы өзгерістерге әртүрлі топтардың бейімделу механизмін анықтауға мүмкіндік береді.

Жетілдіру жағдайында қазақстандық қоғам құндылықтарының өзгеру үдерісін және осы өзгерістерге жеке тұлғаның бейімделуі механизмін зерделеу мақсатында мақала авторлары зерттеу жүргізді, оның нысаны 18 жастан және одан жоғары жастағы Қарағанды қаласының тұрғындары (400 мыңнан астам адам) болды, ол Қазақстандағы халық саны бойынша төртінші орынды алады. Алғашқы әлеуметтік ақпарат жинағы сауалнама сұрақтары көмегімен жүзеге асырылды. Зерттеуде қарапайым қайталаусыз таңдау жүргізілді. Сұхбаткерлердің ішкі саралауы мынадай әлеуметтік-демографиялық сипаттармен қойылды: жынысы, жасы, ұлты, білімі, кірісі. Сауалнама барысында 36,0 % ерлер және 63,5 % әйелдер сұралды. Бұл зерттеудің мәні жетілдіру жағдайында тұрғындардың құндылықтары болды. Негізгі гипотеза: қазақстан қоғамын жетілдіру нәтижесінде болған құндылықтардың өзгеруі жеке тұлғаның проблемасын тудырады.

Зерттеу нәтижесінде қазақстан қоғамында болып жатқан өзгерістерге сұралғандар жеткілікті түрде бірмәнді еместігін көрсетті. Сонымен, олардың 20,3 % өзгерістерді жағымды деп есептейді, өйткені Қазақстан экономикасының дамуын қамтамасыз етеді, ал 25,7 % реформа нәтижесінде «қоғамның байлар мен кедейлерге жіктелуін» көрсетеді, іс жүзінде сұралғандардың әр бесіншісі (21,6 %) қазақстандық қоғамда ешқандай өзгерісті мүлде көрмейді. Сұралғандардың 23,4 % үшін жетілдіру үдерісінің оң бағасының өлшемі қазақстандықтардың басым көпшілігінің өмір сапасының жақсаруы болып табылатыны аса назар аудартады.

Біздің болжағанымыздай, 30–45 жастағы адамдар кіретін орта жастағы топ өкілдері өзгерістерді жағымды бағалайды (34,0 % — жағымды; 16,0 % — одан да жағымды). Сонымен бірге ересек жастағы топ өкілдері (46 жас және одан ересек) едәуір торыққан түрде: олардың кейбіреуі Қазақстандағы түрлену қалай болғанда да 56,1 % теріс бағалайды. Осы сұрақтарға жауаптарды салыстыруда әйелдер (23,8 % — жағымды және 27,5 % — одан да жағымды) жағдайды ерлерге (тиісінше 18,4 % және 21,3 %) қарағанда оптимистік түрде бағалайды. Ұлттық белгісі бойынша да пікірлердің саралануы байқалады: басқа ұлт өкілдеріне қарағанда (тиісінше 14,5 % және 17,6 %), қазақтар қоғамдағы өзгерістерді тым оптимистік түрде бағалауға бейім (23,4 % — жағымды; 17,6 % — одан да жағымды).

Әртүрлі топтардың елде болып жатқан өзгерістерге көзқарасының бір мәнді еместігіне қарамастан, сұралғандардың барлығы «Қоғамда болып жатқан өзгерістерге бейімделу қиындығын сезінесіз бе?» деген сұраққа теріс жауап берді. Сонымен сұхбаткерлер қоғамдағы өзгерістерге бейімделу қиындығының жоқтығына әртүрлі себептер көрсеткен. Мысалы, сұралғандардың 40,1 % ешқандай ерекше өзгерістерді мүлде байқамайтындығын түсіндірген, ал 27,0 % өмірлік табыстарға жету үшін жаңа мүмкіндіктер пайдалануға болады деп санайды.

Ең жас топ едәуір бейімделу әлеуетін көрсетеді (77,0 %), оған 18–29 жас арасындағылар жатады, онда одан жасы үлкендер (42,0 %) аз көрсеткіш береді. Бұның қисыны бар және оны психологиялық, әлеуметтік себептермен түсіндіруге болады. Психологиялық фактор жастардың басым икемділігінен шығады, яғни, олар жылдам бейімделеді. Ересек жас тобының төмен бейімділік қорының әлеуметтік себепін олардың өміріндегі әлеуметтік және мәдени цикл арасында пайда болған ажыраумен түсіндіруге болады. Бұрын әлеуметтік өмір циклі мәдени циклден едәуір қысқа болған. Жеке тұлға жарық көргеннен кейін, белгілі бір құндылықтар жүйесін кездестірді, ол бірнеше ғасырларға дейін, бірқатар ұрпақтар өмірін анықтай отырып, өте ұзақ кезеңдер бойы өзгерістерге ұшырады. Қазіргі кезде бір ұрпақтың өмірінде бірнеше мәдени замандар кезектесіп тұрады. Нәтижесінде тұрақты, ұтымды құрылған әлем тәртібі және ұжымдық сәйкестендіру туралы түсінік қалыптасқан бұрынғы әлеуметтік-мәдени тәжірибесі бар ұрпаққа

«тұрақты тұрақсыздық» жағдайында жеке әлеуметтенуден өткен жастардан гөрі, динамикалық түрде өзгеріп тұратын әлеуметтік шындыққа бейімделу әлбетте қиын.

Топтар бойынша нәтижелерді талдау мынаны көрсетеді: алдыңғы сұраққа жауап бергенде басқа ұлыс өкілдерінен гөрі (56,3%), қазақ ұлтының өкілдері (73,0%) үздік бейімделген қабілеттілікті көрсетті. Орта кәсіптік білімі бар тұлғаларда кейбір қарама-қайшылық байқалады, олар бір жағынан елде болып жатқан өзгерістерді жағымды түрде бағалайды (29,2% — жағымды және 22,9% — одан да жағымды), ал екінші жағынан — бейімділіктің ең төмен деңгейін көрсетеді (10,4%). Сұхбаткерлер жеке тұлғалардың бейімделу мүмкіндіктеріне жағымсыз әсер ететін негізгі факторлар ретінде әлеуметтік өзара әрекет тәсілді, яғни «адамдар арасындағы қатынастардағы (10,4%) өзгерістерді білдіретін материалдық (14,4%) мәселелерді белгілеген. Біз өткізген зерттеу материалдық жағдай мен әлеуметтік бейімділіктің табыстылығы арасындағы тұрақты статистикалық мәнді корреляция орнатты.

Сонымен сұхбаткерлердің 59,4% өзінің материалдық жағдайына жалпы 28,8% сөзсіз, 30,6% — түсінікпен қанағаттанады. «Қанағаттанғандардың жиынтығында» ең аз пайыз (31,7%) ересек ұрпақ өкілдерінде байқалады, олардың көбісі үшін жалғыз кіріс көзі — зейнетақы, ал ең көбі — жастар арасында (73,3%), олар өзінің материалдық келешегін оптимистік түрде бағалауға бейім, тіпті оған қарамастан (ал кейбір жағдайларда дәл сол себептен), жас адамдардың көпшілігінде жеке кіріс әлі де жоқ. Бұндай жағдайды былай түсіндіруге болады: жас адамдарда материалдық әл-ауқат жақсарту бойынша «қосымша жұмыс», «оқу мен жұмысты қоса атқару», «жоғары білім алу», «кәсіптік тәжірибе алу» сияқты жеке стратегиялар кездеседі, сол екі арада ересек ұрпақ үшін негізгі стратегия «қаржыны үнемдеу, шығысты қысқарту» болып табылады.

Сұхбаткерлер арасында өзінің материалдық жағдайына қанағаттанбайтындар арасында барлық мүмкін болатын тәсілдермен оны жақсартуға тырысатындардың пайызы айтарлықтай көп (55,3%), бұған қоса әйелдер ерлерге қарағанда бұл сұрақта ең жоғарғы бесленділік көрсетті (64,2% қарсы 40,6%); сонымен қатар қазақ ұлысының өкілдері басқа ұлтты сұхбаткерлермен салыстырғанда 65,2%, қарсы 42,1%; бұны қазақстан қоғамындағы әртүрлі әлеуметтік-демографиялық және этникалық топтардағы ерекше әлеуметтік-мәдени тәжірибелермен түсіндіруге болады. Әрі қарай бұл ерекшелік жеке зерделеуді қажет ететін болады. Оған қоса 25,9% бұл үшін мүмкіндікті көрмейді, сондықтан осы бағытта ешқандай әрекет қолданбайды; 14,1% — «бұл туралы мемлекет ойлау керек» деп санайды. Сұралғандардың 52,7% адамның өмір сүру мүмкіндігіне гендерлік сипат әсерінің жоқтығын атап айту керек, сондықтан «біздің қоғамда ерлер мен әйелдердің тең мүмкіндіктері бар». Дегенмен сұхбаткерлердің үштен бір бөлігі шамасы (32,4%) ерлер өзін таныту үшін мүмкіндігі көп деп болжайды. Сұхбаткерлер бұл сұрақта жынысына қарамай, ынтымақтастықты көрсететіні қызық: 35,0% — ерлер және 31,2% — әйелдер. Яғни, бұл жағдайда күнделікті өзара әрекет тәжірибесіне тікелей әсер ететін, біздің қоғамға тараған дәстүрлі құндылықты шартталған әлеуметтік ұғымдар туралы айтылады.

Сондықтан зерттеу тұрақты материалдық жағдай әлеуметтік бейімділікке әсерін тигізетіні туралы болжамды бекітеді, бірақ қоғамдағы табысты бейімділік материалдық әл-ауқат негіздерінің бірі болып табылатыны сөзсіз.

Зерттеу нәтижесінің талдауы сұралғандар арасында этникалық өте ұқсастық емес, жалпыхалықтық басым екендігін көрсетті, ол саяси әлеуметтену табыстылығы туралы жанама куәландырады. Бұған дәлел сұралғандардың 54,1% нақты этникалық топ өкілдерінен гөрі, өзін қазақстандық ретінде сезінеді. Сонымен 30–45 орта жас тобына (68,0%) жататын, жоғары білімі бар (66,7%) сұхбаткерлер, сонымен қатар қазақ ұлтының өкілдері (62,8%) жалпыұлттық ұқсастықтың ең жоғары деңгейін көрсетті. Этникалық өзін-өзі сәйкестендіру, керісінше, басқа ұлт өкілдері (18,2%) мен ересек ұрпақ (22,0%) арасында кең таралған. Бұл сұрақ төңірегінде ойланбаған сұхбаткерлердің едәуір 28,4% пайызын атап айту қажет. Жастар арасында олар одан көп — 30,5%. Бұндай нәтижелер жастарда саяси әлеуметтену үдерісінің аяқталмағаны туралы куәландырады және сұхбаткерлердің бұл бөлігі жеткілікті табысты бейімделген, мемлекетте өзін ыңғайлы сезінеді, сондықтан ұқсастық мәселесі туралы ойланбайды.

Жаһандану, көбінесе, қарама-қайшы әлеуметтік үдеріс ретінде болады. Бір жағынан оны әмбебаптық тенденция ретінде, ал екінші жағынан — қарама-қарсы әмбебаптық пен партикуляризм тенденцияларының өзара әрекеті ретінде ұсынуға болады, бұнда мәдени бірліктің күшеюі ғаламдық деңгейде жергілікті және глокальды мәммәтінде мәдени, этникалық және діни алуан түрліліктің ұлғаюын жандандырады.

Ғаламдық және глокальды тенденциялар қатынасының мәселесі қазіргі заманда ең маңызды болып саналады. Трансшекаралық ұлттың жоғары коммуникативтік және ақпараттық — өсуімен сүйемелденетін ғаламдық экономиканың кеңеюші интенсивтік экспансиясы жергілікті деңгейде құндылық сезімталдығының асқынуына септігін тигізеді. Белгіленген тенденциялар бәсекелестігі қазіргі заманның ерекше факторларының бірі болып табылады.

Сауалнама нәтижесінің талдауы әлеуметтік бейімделу табыстылығы мен ұлтаралық қатынастар арасында тура корреляция орнатуға септігін тигізеді, яғни, жеке адамның әлеуметтік бейімділігі қаншалықты табысты болса, ол соншалықты ұлтаралық өзара қатынас тәжірибесін бағалауға жағымды бейімделген болып табылады. Сонымен мемлекеттің ұлттық саясатын сөзсіз қолдайтын сұхбаткерлер 57,2 % құрайды, олар бұл саясатты Қазақстан халқын құрайтын барлық этникалық топтардың теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған деп есептейді. Осы бағытта ересек жас тобының (65,9 %) қазақ ұлтты (69,3 %), сонымен қатар жоғары білімі бар (71,3 %) сұхбаткерлер мемлекеттің күшін ең жоғары бағалайтыны күтілген. Статистикалық рәсімделген жағымды тенденция ретінде сұхбаткерлердің 39,6 % облыстағы этносаралық қатынастарының жағымды динамикасын көрсеткенін атап айтқан жөн, олардың пікірінше, қатанастар «тым құрметті және мейірімді болады».

Қағида бойынша адамдар өз өміріне толығымен қанағаттанған кезде және оның келешегін оң бағалауы кезінде ғана өз өміріне талдау жасамайды, олар қиын мәселелер туған кезде ғана ойлана бастайды. Сондықтан этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясат сипатын бағалаудан қиындық көргендердің үлкен пайызы (20,7 %) оны толығымен жағымды етіп бағалауының пайдасына жанама куәландырады. Осындай сәтті көрсеткіштер аясында сұралғандардың әр бесіншісі (18,9 %) этносаралық қатынастар саласында мемлекет саясатының ресми түрлегі сипатын белгілейді, ол «тек барлық ұлттар теңдігін жариялайды, тек жергілікті ұлттар үшін нақты жағдайлар жасайды».

Осы өлшемді жағымсыз бағалайтындар арасындағы ең үлкен пайызды «басқа», яғни, жергілікті емес ұлттар құрайды (33,3 %), олардың ойынша, ұлт теңдігі тек жарияланады, бірақ тәжірибеде іске асырылмайды. Жеке әлеуметтік келешектің этникалық қатыстылыққа байланыстылығын анықтаушы сұрақтың жауабын талдау осы мәселе бойынша сұралғандар пікірі әлбетте тең бөлінгендігін көрсетті. Сұхбаткерлердің 24,3 % адамның «ұлттық қатыстылық әлбетте оның өзін-өзі таныту мүмкіндігіне әсер етпейді» дейтін пікірге келісімін береді. Сұралғандардың осынша саны (яғни 24,3 %) «ұлттық қатыстылық біздің қоғамда өмір сүру мүмкіндігіне едәуір әсер етеді» деп көрсетті. Сонымен қатар осы фактордың әлеуметтік өмірдің жеке өрісіндегі жүзеге асырылуға әсер етуі анықталды, мысалы, жұмысқа орналасу, өмірдегі серігін табу және т.б. (38,8 %).

Қазақстан әлемнің берік әлеуметтік әлеуеттер ішінде дәстүршілдік құндылықтары маңызды орын алатын аймақтарына жатады, бұнда дәстүрлерді ішкі және сыртқы инновациялық ықпалдан қорғау тәжірибесі ғасырлар бойы қалыптасты. Жаһандану кезеңінде әмбебаптық басым болуға ұмтылуымен, ғаламдық және глокальды әлеуметтік әлеуеттер қарама-қайшылық бірлікте болатын кезде, дәстүрлік мәдениеттің аксиологиялық элементтері ең маңызды болып табылады. Жаһандану жағдайында қазақстандық қоғамның рухани қайнар көзге қызығушылығының өсуі діни сананың өсуімен түйіндесті. Сұралғандардың 45,9 % пікірі бойынша, дін қазақстандық қоғамның рухани құндылықтарының негізі болды және болып қалады, бұған қоса жастар бұл сұрақта орта және кәсіптік білімі бар, жоғары білімді (52,1 % қарсы 43,7 %), ересек ұрпақтан «озып кетеді» (51,1 % қарсы 39,0 %). Білімі ең төменгі деңгейдегі жастар топта күшті болып ұсынылғанын ескере отырып, көрсетілген бөлу жаһандану кезеңінде қандай да бір глокальды діни ренессанс туралы болжамды растайды. Заманауи қоғамдағы дін рөлінің төмендеуін сұхбаткерлердің 16,7 % мойындады. Сұралғандардың үштен бір бөлігіне жуығы (27,0 %) діннің әлеуметтік қатынастағы маңызды рөлін мойындай отырып, оны өте теріс бағалады, олар оны «қоғамдық сана мен жеке адамның мінез-құлығы үшін қулық құралы» деп санайды. Дінаралық қатынастарды реттеу бойынша мемлекеттік саясатты әр екінші сұхбаткер оң бағалайды (50,9 %). Оған жоғары бағаны жоғары білімі бар сұхбаткерлер (58,6 %) береді. Барлық ауқым бойынша сұралғандардың тек 12,6 % мемлекет діни бірлестіктердің ісіне тым көп араласады деп белгілейді. Бірақ «мемлекет діни бірлестіктер ісін толығымен бақыламайды» деп санайтындар бар; кейбір сұхбаткерлерге «діни қауымдардың тіптен көп болғаны ұнамайды». Сұхбаткерлердің

діни ұйымдардың ісіне мемлекеттік бақылау жасауын күшейту тілектері олардың арасында экстремистік сыбысты ұйымдастыру қаупінің пайда болуын болжауға болады.


Өткізілген зерттеу сұхбаткерлердің діни қатыстықтың жеке әлеуметтік келешекке әсерін бағалауын анықтауға септігін тигізді. Сұхбаткерлердің басым көпшілігі қазақстандық қоғамда діни қатыстық әсерінің табысқа жету мүмкіндігіне ең аз мөлшерде (37,4 %) немесе мүлде жоқ (20,3 %) екендігін болжайды. Оған қоса, сұралғандардың 18,0 % «діни қатыстық біздің қоғамда жеке тұлғаның өз-өзі таныту мүмкіндігіне едәуір әсер ететініне» келісім береді. Сонымен қатар сұхбаткерлер осы фактордың жұмысқа орналасу, өмір серігін таңдау және т.б. жеке әлеуметтік өмір өрістеріне әсерін көрсетті (23,0 %). Осы сұраққа жауап берген кезде этникалық өлшем бойынша ең үлкен саралау анықталды (қазақтар — 20,1 %, басқа ұлыстар — 13,3 %). Осылайша сауалнама мәліметтері қазақстандық қоғамда әлеуметтік бейімделу мен өзін-өзі танытудың дәстүрлі стратегиялары негіздері ретінде этномәдени құндылықтар діни қатыстықтан гөрі үлкен мағына береді.

Жаһандану дәуірі ең күрделі және қарама-қайшы тарихи кезеңдерінің бірі болып табылады. Адамзатты аңдыған ең үлкен қауіп экономикалық дағдарыс немесе саяси жүйенің деструктивтік өзгеруі емес, жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды рухани-адамгершіліктің бұзылуы. Рухани құндылықтан материалдық құндылықтың басым болуы, мейірімділік пен зұлымдық, әлеуметтік жауапкершілік пен әділдік, азаматтық пен патриотизм туралы дәстүрлі түсініктерді бұрмалауға қабілеттілікті білдіреді.

Өткізілген сауалнама нәтижесінің талдауы заманауи қазақстандық қоғамға тән құнды артықшылықтарды сұхбаткерлердің анықтауындағы қайшылықты айқындауға септігін тигізді. Бір жағынан сұхбаткерлердің тек 25,7 % адамдардың басым көпшілігі үшін адамгершілік құндылықтары бүгін де басты болып табылатынын, осы мезгілде көпшіліктің пікірі бойынша (64,4 %), қазіргі қоғамда адамгершілік құндылықтары материалдық құндылықтарды ығыстырады, бұған қоса осы сұрақ төңірегінде сұхбаткерлердің барлық категорияларының өкілдері ынтымақтастықта болады.

Материалдық құндылықтардың жаппай тарауының негізгі әлеуметтік нәтижесі ретінде мыналар аталған: «ақша үшін адамдар достықтан және махаббатан аттап кетуге дайын (48,3 %); «қатынарудың негізгі өлшемі материалдық әл-ауқат болып табылады» (32,2 %); «жеке құштарлықтың басты өлшемі молшылық болып табылады» (15,4 %). Ал екінші жағынан сұхбаткерлердің өзінің мақұлдауы бойынша, күнделікті тәжірибеде әлеуметтік өзара әрекет етуде олар алдымен адамгершілік құндылықтарын басшылыққа алады. Сұралғандардың тек 5,0 % басқа адамдармен өз қатынастарындағы басым құндылық ретінде «қандай да бір пайданы шығаруды» көрсетті, бұл мезетте олардың 79,3 % үшін басымдық «өзара ақниеттілік пен құрмет» болып табылады.

Бұл басымдылықтың білімге тікелей тәуелділігі өзіне назар аудартады (сұралғандардың 89,7 % жоғары білімді, оған қарсы сұралғандардың 66,7 % орта және кәсіптік білімі бар), сонымен қатар этникалық қатыстыққа байланысты. Сауалнамада қазақ ұлтына жататын 84,7 % осы өлшемнің басымдылығын көрсеткен. Сұралғандардың 13,1 % өзінің басым құндылығы ретінде «өз абыройын сақтауды» көрсетеді, оған қоса бұл әлеуметтік басымдылық үлкен дәрежеде Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерінде көрсетілген (осы категория бойынша сұралғандардың 18,2 %). Яғни әлеуметтік өзара әрекет пен әлеуметтендірудің жеке тұлғалық стратегиясы базалық құндылық деңгейінде ең алдымен рухани-адамгершілік тәртібінің императивтерімен анықталады. Бұл қорытынды күрделі өмірлік құндылықтарына қатысты сұраққа жауаптарды бөлумен дәлелденеді (1-сурет). Көрініп тұрғандай, сұралғандардың көпшілігі үшін базалық әлеуметтік бағыттар ретінде «өз бақытының жалпыадамзаттық құндылықтары»; «жақсы денсаулық»; «молшылық»; «жақсы отбасы»; «әділ қоғамда өмір сүру»; «өзін-өзі танытуға мүмкіндік»; «бақытты болу»; «сүю және сүйікті болу» сияқтылар қолданылады.



Ескертпе:

- |  |   |
|--|---|
| 1. Молшылықта өмір сүру, ақшаны еркін жұмсау мүмкіндігінің болуы | 9. Қоғамға пайдалы болу, елдің дамуы мен гүлденуі үшін «өз үлесін» қосу |
| 2. Жақсы денсаулықтың болуы                                      | 10. Жақсы жұмыстың болуы  |
| 3. Әділ және дұрыс құрылған қоғамда өмір сүру                    | 11. Сүйю және сүйікті болу  |
| 4. Жақсы балалардың болуы  | 12. Құрметті адам болу  |
| 5. Меншік тұрғын үйдің болуы                                     | 13. Бақытты болу  |
| 6. Қызықты өмір сүру,  | 14. Таза ар-намыстың болуы, үйлесімді өмір сүру                         |
| 7. Жақсы отбасының болуы   | 15. Жақсы адал достардың болуы  |
| 8. Өз ісін ашу   | 16. Қоғамдағы жоғары орынды алу   |
|  | 17. Басқа   |

1-сурет. «Сіз үшін өмірде ең маңызды не?» сұрағына жауаптарды бөлу  
А) Барлық сұралғандар

Құрылған бөлу бойынша, «молшылықты» қоспағанда, отбасылық әл-ауқат пен денсаулыққа ұқсас материалдық құндылықтар жоғары орынды алмайтыны көрінеді. Бұл ретте сұхбаткерлердің жеке категориялары үшін жалпы тенденцияларды сақтау кезінде көрсетілген құндылықтар әр түрлі маңыздылыққа ие болады. Ерлер үшін «молшылық», «өзін-өзі таныту», «достық» құндылықтарының үлкен маңызы бар, ал әйелдер үшін үлкен дәрежеде «денсаулық», «отбасы», «махаббат» маңызды. Жастар үлкен дәрежеде «денсаулықты», «отбасын», «молшылықты»; орта және ересек ұрпақ өкілдері «денсаулықты», «әділ әлеуметтік құрылымды», отбасылық құндылықтарын бағалайды. Жоғары білімді сұхбаткерлер ең алдымен «денсаулық», «әлеуметтік әділдік», «бақыт», «молшылық», «өзін-өзі таныту» сияқты құндылықтарға бағытталған. Бұндай бөліну кейінгілердің «отбасылық құндылыққа», «өзін-өзі танытуға», «махаббатқа», «молшылыққа» айқын көрсетілген бағытталуын қоспағанда, әдетте жоғары білім алған сұхбаткерлердің жауабында қайталанатын.

Орта және кәсіптік білім бар сұхбаткерлер «әлеуметтік әділдікті», махаббатты», «денсаулықты», «молшылықты» жоғары дәрежеде бағалауға бейім. Ұлттық себептер бойынша «басқа ұлт» өкілдерінде неғұрлым жоғары дәрежеде көрсетілген «отбасы», «өзін-өзі таныту» және «әлеуметтік әділдік» сияқты құндылықтарды қоспағанда, жауаптарды бөлуде салыстырмалы түрде әлсіз айқындалған дифференциация бар.

Сонымен, әлеуметтік өзара әрекеттің жеке стратегиясының болуы кезінде сұхбаткерлердің әртүрлі категориялары ұқсас болады. Олардың базалық құндылықтарының айрықша рухани-адамгершілік сипаты бар, ол қазақстандық қоғам мәдениетіне дәстүрлі тән адам қатынасының жылылығымен байланысты. Осыған байланысты дәстүрлі рухани құндылықтар жетілдіру үдерісіне міндетті емес түрде қарама-қайшы келетінін байқаған дұрыс, олар көбінесе жаһандану дәуірінде тұрақты дамуға септігін тигізе отырып, елдің мәдени ұқсастығын сақтауға мүмкіндік береді. Оған қоса, адамдардың нақты мінездік стратегиясы жағдайлық мәнмәтінмен анықталады және құндылық идеалынан едәуір алыс болуы мүмкін, бұл өткізілген сауалнама нәтижесін растайды, атап айтқанда: сұралғандардың 71,6 % жағдайға байланысты өз қағидаларынан бас тартуға дайын екенін көрсетті. Базалық құндылықтарды ешқашан ұнатпайтын мен олардың оңайлықпен бас тарта алатындардың пайызы тең болды — тиісінше 13,1 % және 13,5 %. Оған қоса, ерлер (21,3 %), «жергілікті емес» этнос өкілдері (20,6 %) және ересек ұрпақ өкілдері (17,1 %), жауаптарына қарай неғұрлым табандылыққа бейім екендігін көрсетеді. Белгіленген бөлу «Сіз өз жеке мүдденізге нұқсан келтіре отырып, адамға қолдау көрсетуге дайынсыз ба?» деген сұраққа жауаппен толығымен ара қатынаста болады.

Бұл жағдайда сұралғандардың 75,2 % жағдай бойынша әрекет етуге бейім; 14,9 % — осындай үлгідегі әрекетке дайын, 6,8 % ешқашан өз мүддесінен бас тартпайды деп белгілеген. Альтруистік мақсаттың айқындығы бірқатар әлеуметтік белгілерге байланысты болып шықты: жынысына (ерлер — 22,5 %; әйелдер— 10,6 %), этникалық қатыстық (қазақтар — 18,2 %; басқа этнос өкілдері — 9,7 %) және жасына (ересек жас тобы — 17,1 %; орта — 14,0 %; кіші — 14,5 %).

Басқа «дерексіз» адамдардың әрекеттерін сұхбаткерлерді бағалауға сын көзбен қарауға бейімділігін байқамауға болмайды. Сұхбаткерлердің 36,9 % адам қазіргі заманда жеке мүдделерін қоғам мүдделерінен жоғары қояды деген пікірге келіседі. 55,9 % «адамға байланысты» деген жауап таңдаған және тек 4,5 % адамдардың көпшілігі үшін қоғам мүдделерінің артықшылығына сенімді. Осы сұрақ бойынша сұхбаткерлердің категориялары бойынша мәнді саралау байқалмайды, бұл жеке бастың бейімделу механизмінің жекелей әлеуметтенудің күшею жағына өзгеруінің қосымша куәсі болып табылады.

Қоғамның заманауи дамуының кезеңі еңбек ісі өрісінде ынталандыру мәселесін жандандырады. Еңбек адам табиғатының базалық ерекшелігі болып табылады. Және адам тіршілігі мен социум формасы болып табылады, бейімделген мінез-құлық стратегиясын анықтайды.

Өткізіліген зерттеу сұхбаткерлердің еңбек қызметі саласындағы басты дәлелін белгілеуге септігін тигізді (1-кесте).

1-кесте

**Еңбек қызметі саласындағы басты дәлелдер (% есебімен)**

Сұхбаткерлер тобы	Мотивтер						
	Қоғамға пайдалы болуға ұмтылу	Қызықты жұмыс	Жоғары еңбекақы	Тек жоғары ақы ғана емес, қызығушылық	Қызығушылық қана емес жоғары еңбекақы	Қағида тұрғысынан жұмыс істегісі келмейтіндер	Басқа
Барлық сұралғандар	8,6	29,3	7,7	27,0	22,5	3,6	0,9
Ерлер	13,8	25,0	10,0	26,3	21,3	2,5	1,3
Әйелдер	5,7	31,2	6,9	27,7	23,4	4,3	0,7
Қазақтар	9,5	32,1	8,8	25,5	19,7	2,2	1,5
Басқа ұлттар	7,3	23,0	6,1	29,7	27,9	6,1	-
Орта және кәсіптік білім	10,4	27,1	8,3	27,1	12,5	12,5	-
Жоғары білім алушылар	2,8	27,8	5,6	38,9	22,2	2,8	-
Жоғары білім	12,6	33,3	5,7	18,4	27,6	-	2,3
18 жастан 29 жасқа дейінгілер	6,9	28,2	6,9	35,1	19,0	2,3	1,5
30–45 жас	18,0	32,0	10,0	14,0	24,0	2,0	-
46 жас және одан жоғары	2,4	29,3	7,3	17,1	31,7	9,8	-

Ұсынылған бөлуден материалдық тәртіпке қарағанда адамгершілік туралы түсінік сұралғандардың басым көпшілігінің артық мотивациясы екендігін көруге болады, ол құнды артықшылықтарды анықтау бойынша сауалнаманың жоғарыдағы нәтижелерімен белгіленгенге толығымен сәйкес келеді. Сонымен мәліметтердің жалпы ауқымы бойынша маңызды дәлел сұралғандардың көпшілік категориялары бойынша «қуаныш сыйлайтын еңбектің, қызықты жұмыстың болуы» болып табылады. Сұралғандардың көпшілігі үшін жұмыстың қызықты болғаны және жақсы еңбекақысы болғаны маңызды, бұған қоса жалпыәлеуметтік мотивация жоғары дәрежеде әйелдердің жауабынан гөрі ерлердің жауабында ұсынылған. Сұралғандардың жауабына қарағанда ерекше материалдық мотивация мәліметтердің жалпы ауқымы бойынша сұралғандардың барлық категориялары бойынша аз мөлшерде дамыған.

Жұмыс істегісі келмейтіндігін көрсеткен ересек жас тобы мен орта және кәсіптік білімі бар сұралғандардың едәуір пайызы осы категориядағы сұралғандар арасында зейнеткерлік жастағы тұлғалардың кең ұсынылғанымен түсіндіріледі. Жауаптардың белгіленген бөлуі тұрғысынан

сұралғандардың 56,8 % қызметіне түрткі болатын басты ынталандыру ретінде «айналасындағыларға көмек пе қолдау жасау ықыласын» көрсетті, онда қандай да бір жеке пайдасын көруді басшылыққа алатыны тек 26,8 болды.

Бұл ретте орта жас тобының өкілдері ең үлкен альтруизмді көрсетеді (74,0 %).

Өткізілген зерттеу мынадай қорытынды жасауға септігін тигізді:

1. Сұралғандардың көпшілігі қоғамдағы өзгерістерге бейімделуден қиындық көрмейді, өйткені серпінді әлеуметтік үдеріске бейімделуге септігін тигізетін әлеуметтенудің жеке тиімді стратегиясын жеткілікті қалыптастыра алды. Сонымен, болжағанымыздай, барлық әлеуметтік-демографиялық топтардың ішінен ересек жас тобының өкілдері ең төмен бейімделу әлеуетін көрсетті.

2. Әлеуметтік бейімделу табыстылығы материалдық жағдаймен тікелей байланысты: материалдық жағдаймен қамтамасыз етілуі қаншалықты жоғары болса, бейімділік соншалықты табысты болады және керісінше, қаншалықты бейімділік табысты болса, соншалықты материалдық қамтамасыз етілу жоғары деңгейде оның нәтижесі болып табылады.

3. Әлеуметтік бейімділік табыстылығының маңызды шарты полиэтникалық мемлекетте жалпыұлттық ұқсастықтың құндылықтарын қабылдау болып табылады. Қазақстандықтардың көпшілігі үшін этникалық ұқсастық емес, жалпыұлттық ұқсастық басым. Бұған едәуір дәрежеде мемлекеттің өткізетін саясаты жәрдем береді.

4. Қазақстандық қоғамда діни қатыстықтан гөрі әлеуметтік бейімделу мен өзін-өзі танытудың дәстүрлі стратегиясы негізі ретіндегі этномәдени құндылықтардың үлкен мағынасы бар.

5. Жетілдіру үдерісінің салдарынан қазақстандық қоғамда құндылықты артықшылықтардың белгілі қозғалысы болады. Бірақ қазақстандықтардың базалық құндылықтарына рухани-адамгершілік сипаты тән, ол адам қатынасының жылылығымен байланысты, бұл қазақстандық қоғам мәдениетіне дәстүрлі түрде тән.

6. Базалық құндылықтар деңгейінде әлеуметтік өзара әрекет пен әлеуметтену өрісінде сұралғандардың жеке стратегиялары ең алдымен рухани-адамгершілік тәртібінің императивтерімен анықталады.

7. Қазақстандықтардың көпшілігінің рухани-адамгершілік ынталандыруы тәжірибе көрсеткендей олардың жеке көзқарасына қарама-қайшы келмейді.

Осылайша, Қазақстанда осы мезетте ұжымдық және жеке қарама-қайшы құндылықтар жүйесіне негізделген екі әлеуметтік-мәдени жүйелер бар. Бұл қазақстандық қоғамға тән түр қатынастардың сақталуымен және қазақстандық социумға еуропалық саяси және мәдени институттардың көшірілуімен түсіндіріледі.

Орын алған Батыс және дәстүрлі шығыс құндылықтарының шексіз үйлесуінің белгілі жайлылығы бар, ол өзін-өзі танытуда үнемі дамушы қажеттілігі бар жеке адаммен ұжымдық қайшылығында көрінеді, ал жеке құндылықтар өңделген және қолдау көрсететін қоғамның маңызды топтарымен әлеуметтік бірлік туралы түсініктерімен көрінеді.

Көшуші қазақстандық қоғамда батыс елдерінің тұрақты әлеуметтік жүйелеріне қарағанда, әлеуметтік-мәдени өзгерістің жылдамдығы өте жоғары, сондықтан қоғамның жетілдіруінде нақты бағытты сақтай отырып, жалпы тенденцияны жоғалтпау маңызды [2; 367]. Қазақстанның негізгі міндеті жетілдіру үлгісін тиімді, үнемді және оңтайлы қолдану, оны өз дәстүрлері мен заманауи прогрессивті құндылықтар жүйесін үйлесімі есебінен ұлттық негізге ауыстыру. Ол үшін әлеуметтік жетілдірудің «ұлттық формуласын» әзірлеу қажет, ол барлық институттар мен әртүрлі бағытты әлеуметтік-мәдени орта үдерістерін қамтуға қабілетті. Бұл әлеуметтік және мәдени капиталдың ерекшеліктері есебімен қоғамдағы құндылықтарға негізделген ұлттық бәсекелестік артықшылықтарды іздеуді және пайдалануды болжайды. Одан кейін осы артықшылықтар мен қоғам құндылықтарын жетілдірілген факторларға біртіндеп өзгеруін талап етеді [2; 367].

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Masuda Y. Information Society as Postindustrial Society / Y. Masuda. — Wash., 1983. — 165 p.
- 2 Казютинский В.В. Философия, наука, цивилизация. К 65-летию академика В.С. Степина / В.В. Казютинский, В.С. Степин. — М.: Эдиториал УРСС, 1999. — 367 с.



Д.Г. Шорманбаева, Г.Б. Альжанова, М.А. Сейдинова

## Модернизация социокультурных ценностей современного казахстанского общества

В статье рассмотрена модернизация социокультурных ценностей современного казахстанского общества. В переходном казахстанском обществе, в отличие от стабильных социальных систем западных стран, скорость социокультурных изменений значительно выше, поэтому важно не потерять общую тенденцию развития, сохраняя четкий курс на модернизацию общества. Основная задача Казахстана состоит в том, чтобы эффективнее, экономичнее и рациональнее применить модернизационную модель, перенести ее на национальную почву за счет сочетания собственных традиций и современных прогрессивных систем ценностей. Для этого необходимо разработать «национальную формулу» социальной модернизации, которая была бы способна повсеместно охватить все институты и разнонаправленные процессы социокультурной среды. Авторы провели социологическое исследование, результаты которого показали, что вследствие модернизационных процессов в казахстанском обществе происходит определенное смещение ценностных приоритетов. Согласно проведенному исследованию базовые ценности молодых казахстанцев содержат в себе как традиционные ценности культуры, так и ценности информационного общества, которые вызывают у индивида необходимость в выборе адаптационных механизмов. Формирование системы ценностей молодого казахстанца основывается на индивидуальном выборе и подвержено влиянию новых информационно-коммуникативных технологий. Авторы приходят к выводу, что базовые ценности казахстанцев носят преимущественно духовно-нравственный характер, связанный с теплотой человеческого общения, что традиционно присуще культуре казахстанского общества.

*Ключевые слова:* модернизация казахстанского общества, ценностные ориентиры, социологическое исследование, анкетирование, традиционное общество, информационное общество.

D. Shormanbayeva, G. Alzhanova, M. Seidinova

## Improvement of social and cultural values of modern Kazakhstan society

This article examines the modernization of the sociocultural values of modern Kazakhstan society. In transitional Kazakhstan society in contradistinction to stable social systems of western countries speed of sociocultural changes are much higher, so important don't lose general development trend and safe a clear course on the modernization of society. The main goal of Kazakhstan is to apply a modernization model more efficient, more economical and more rational, to transfer it to national soil by combining our own traditions and modern progressive value systems. For this, it is necessary to develop a «national formula» for social modernization, which would be able to cover all institutions and multidirectional processes of the socio-cultural environment everywhere. The authors of this article conducted a sociological study, the results of the study showed that as a result of the modernization processes in Kazakhstani society, there is a certain shift in value priorities. According to the study, the basic values of young Kazakhstanis contain both the traditional cultural values and the values of the information society, which cause the individual to choose adaptation mechanisms. The formation of the value system of a young Kazakhstani is based on individual choice and is influenced by new information and communication technologies. However, the basic values of Kazakh people are predominantly spiritual and moral, associated with the warmth of human communication, which is traditionally inherent in the culture of Kazakhstan's society.

*Keywords:* modernization of Kazakhstan society, value orientations, sociological research, survey, traditional society, information society.

### References

- 1 Masuda, Y. (1983). *Information Society as Postindustrial Society*. Wash.
- 2 Kaziutinskii, V.V., & Stepin, V.S. (1999). *Philosophia, nauka, tsivilizatsia [Philosophy, science, civilization]*. Moscow: Editorial URSS [in Russian].